

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі

Жібек жолы ауылы мектеп – лицейінің

2023-2024 оқу жылының сәуір айында өткен

педагогикалық кеңесінің

№4 хаттамасы

Күні: 13.04.2024 ж.

Қатысқандар:

Себепті:

Уақыты: 10:00

Қатыспағандар:

Себепсіз:

Тақырыбы: «Қазіргі қоғамда жетістікке жету үшін оқушылардың дарындылығын анықтау бойынша жұмыс нысандары»

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының 3-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі
2. 9,11- сынып оқушыларының білім деңгейі
3. Оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу деңгейі, нәтижесі
4. Дарынды оқушылардың даму картасы
5. Ағымдағы мәселелер
 - 5.1. 4,9-сыныптарда ББМЖ ұйымдастыру, дайындық барысы
 - 5.2. Қазақ тілі пәні бойынша «Емтиханға дайынбыз ба?»
 - 5.3. Педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру
 - 5.4. «Мектепті тиімді басқару және білім сапасы» жобасы туралы ақпарат

Тыңдалды:

1. Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша оқу ісінің орынбасары Хақимжанова Кулия Муратхановна 2023-2024 оқу жылының 3-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісімен таныстырды. 3-тоқсан бойынша жалпы 2-11-сыныптар арасындағы білім сапасы 59% көрсеткенін айтты. Сонымен қатар әр сыныптың жеке мониторингіне тоқталып өтті. 2-тоқсанда білім сапасы айтарлықтай көтерілгенін жеткізді. Бірақ алдағы уақытта да осымен тоқталып қалмай білімдегі олқылықтарды жою жұмыстарын күшейтіп, үлгермеген

оқушылармен қосымша жұмыстар жасап, үздік оқушылардың қатарын көбейту, 4-тоқсанда да білім сапасын көтеру қажеттігін айтып өтті. Сонымен қатар 3-тоқсанның қорытындысы бойынша мектептің білім сапасынан төмен нәтиже көрсеткен сыныптарға ерекше тоқталып өтті. Олар: 5ә, 6ә, 6в, 7а, 7б, 8а, 8ә, 10б сыныптары. 3-тоқсандағы білім сапасының мониторингісі бойынша 1 сабақтан 3 алған оқушылар саны – 15. Осыны ескере отырып 4-тоқсанды болжам бойынша 62,6%-бен аяқтауға болады деген болжам жасалды. Ол үшін жоғарыдағы 15 оқушымен жеке жұмыстар атқару керектігіне тоқталып өтті. Сонымен қатар мектептің білім сапасы бойынша ең төмен нәтиже көрсетіп тұрған 10 б сыныбын ерекше бақылауға алып, химия пәнінің 3 сабағына мектеп әкімшілігі қатысу керек деген шешімге келді.

2. Екінші мәселе бойынша 9,11- сынып оқушыларының білім деңгейіне тоқталды. Негізгі мектепті бітіретін – 22 оқушы болса, 11-сыныпты 8 оқушы аяқтайды. 9-11-сыныптың сынып жетекшілеріне сөз берілді. Әр сынып жетекші өзінің сыныбы бойынша білім сапасына, оқушылардың мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындығына тоқталып, атқарылып жатқан жұмыс барысымен таныстырып өтті. Сонымен қатар, мамандыққа бағдар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы да айтып өтті. 9,11-сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдері сөз алып, кейбір оқушылардың сабақты себепсіз көп босататындарына, сабаққа кешігіп келетіндеріне тоқталып өтті.

3. Келесі кезекте Сейдахметова Шынар Наурызбаевна жыл бойғы оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу деңгейі, нәтижесі туралы таныстырып өтті. Өз сөзінде Шынар Наурызбаевна: «Олимпиадалар – білім жарыстырудың өзіндік ерекшелігі бар бір түрі, оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы жұмыстарының нәтижесі. Егер сабақ – оқу-тәрбие жұмысының негізгі бір формасы болса және оның мазмұны оқу бағдарламасымен анықталса, ал олимпиада оқушыларды сыныптан тыс, қосымша жұмысқа тартатын және оқушылардың ғылыми-көпшілікке арналған әдебиеттерді, анықтамалықтарды өз бетінше оқуға итермелейтін әсерлі тәсілдің бірі. Кез келген деңгейдегі олимпиада оқушының отбасында, мұғалімдер ортасында және сыныптастары арасында мойындаушылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік беретін жағдай. Олимпиадаға тиімді дайындау үшін ол бір реттік шара ретінде ғана өткізілмеуі керек. Олимпиадаға дайындау жүйелі жүргізілуі керек» - екендігіне ерекше тоқталып өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп психологтары Избасарова А.П мен Зынданова Е.С. дарынды оқушылардың даму картасы туралы сөз алды. Психологтар өз сөзінде: «Кез келген қоғамға дарынды адамдар қажет және қоғамның басты міндеті оларды анықтап, қабілеттерін дамыту. Жалпы білім беретін мектепте ерекше дарынды

балаларды анықтау үшін шығармашылық орта құру керек. Алайда, өкінішке орай адамдардың барлығы бірдей өздерінің қабілеттерін өз беттерінше дамытуға дайын емес. Көбінесе бұл жағдай олардың отбасына және мектебіне тәуелді. Отбасының міндеті баланың қабілетін уақытылы көре білу, ал мектептің міндеті – балаға қолдау көрсетіп, оның қабілетін дамыту және оны іске асыруға жағдай жасау. Дәл осы мектеп жасындағы баланың өзіндік шығармашылық тұлғасының негізі қалануы керек. Дарынды балалар өз қатарластарын басып озып, оқу материалын меңгеру қарқындылығымен ерекшеленеді» - деп дарындылық туралы жалпы теориялық түсінікпен таныстырды. Сонымен қатар, психологиялық білімге сүйене отырып құрастырылған мектеп бойынша дарынды оқушылардың даму картасын назарға ұсынып, пән мұғалімдерінің сұрақтарына жауап берді.

5. Келесі кезекте бірнеше ағымдағы мәселерге тоқталып, жауапты тұлғаларға сөз берілді. Атқарылып жатқан жұмыстар тыңдалып, жалпылама талдау жасалды. Атап айтсақ:

5.1. 4,9-сыныптарда ББМЖ ұйымдастыру, дайындық барысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Хақимжанова Кулия Муратхановна сөз алып, ББМЖ өткізу ережесімен таныстырды. Келесі кезекте 4,9-сыныптың сынып жетекшілеріне сөз берілді. Сынып жетекшілер ББМЖ бойынша дайындық барысына тоқталып өтті.

5.2. Келесі ағымдағы мәселе бойынша гуманитарлық бірлестіктің жетекшісі Ерлан Алмажан сөз алып, қазақ тілі пәні бойынша «Емтиханға дайынбыз ба?» деген сұраққа жауап беріп өтті. Ерлан Алмажан өз сөзінде 2023-2024 оқу жылынан бастап 5,6,7,8,10-сыныптар «Қазақ тілінен» (қазақ сыныптары), «Қазақ тілі менә дебиеті» пәнінен (орыс сыныптары) емтихан тапсыратынын айтты. Мемлекеттік тілден емтихан өткізудегі басты мақсат: Білім алушылардың қазақ гiлi бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бағалау, оқу және жазу сауаттылығы деңгейін анықтау. Емтихан қазақ сыныптарында оқылым, жазылым, тілдік бағдар дағдылары бойынша, ал орыс сыныптарында тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тілдік норма бойынша өтетіндігіне тоқталды. Жалпы мектеп бойынша 206 оқушы мемлекеттік тілден емтихан тапсырады деді. Мысалы: 5 сыныптарда – 56 оқушы, 6-сыныптарда – 51 оқушы, 7-сыныптарда – 38, 8-сыныптарда – 39, 10-сыныптарда – 22 оқушы. Оның 122 оқушысы қазақ тілінде оқитын оқушылар болса, 84 оқушы орыс тілінде білім алушылар. Жалпы дайындық бойынша Жол картасын іске асыру жөніндегі аудандық білім бөлімінің жоспары негізінде 1 жартыжылдықта мектепшілік жоспар құрастырылып бекітілген. Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытында өткізілуде. Сонымен қатар, емтиханға дайындық бойынша консультация кестесі құрастырылған. Кестеге сәйкес пән мұғалімдері аптасына 1 рет соңғы сабақтарда қосымша сабақтар өткізіп жатқанын атап өтті. Алдақазірге кезде емтихан

тапсырмаларын құрастыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталып, алдағы уақытта емтихан тапсырмалары бірлестік отырысында қаралып, әдістемелік кеңесте талқыланып, педагогикалық кеңестің шешімі бойынша бекітілетінін айтып өтті.

5.3. Ағымдағы үшінші мәселе бойынша педагогтарды аттестаттауды ұйымдастыру туралы оқу ісінің меңгерушісі Хакимжанова Кулия Муратхановна таныстырылым көрсетіп, мұғалімдерді педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын таныстырды. Жаңа ережеге сәйкес аттестаттауға жіберу үшін білім беру ұйымы педагогтердің біліктілігін бағалауын портфолионы қарау арқылы жүргізілетінін, педагогтер электрондық форматта ПББ-дан өтетініне тоқталып өтті. Сонымен қатар, педагогтер кезекті аттестаттауда жылына 1 рет тегін, 1 рет білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде, мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагог жылына 1 рет тегін тест тапсыра алатындығын айтты. Және де ПББ жүргізу кезінде тыйым салынған заттарға тоқталып өтті: тестілеу техникасы мен қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге; кезекшінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға; аудиториядан 10 минуттан аспайтын және 2 реттен артық шығуға; жанындағы адаммен сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысуға, аудиторияға тыйым салынған заттарды, шпаргалкаларды алып кіруге болмайтынын ескертті. Және де осы талаптар бұзылған жағдайда аттестатталушы 1 жыл мерзімде аттестаттаудан өтуге жіберілмейтінін қатаң ескертіп өтті.

5.4. Келесі кезекте 3-тоқсаннан бастап мектепте енгізіле бастаған «Мектепті тиімді басқару және білім сапасы» жобасы туралы таныстырылды. Бұл жобаның басты мақсаты – білім сапасы төмен нәтиже көрсеткен сыныптарда ойын элементтерін қолдану арқылы білім сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту. Бұл бағдарлама бойынша қазіргі күні білім сапасы төмен 5 «ә» сыныпта жұмыстар атқарыла бастағанын және сол сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер арасында арнайы топ құрылғанын айтып өтті. Топтың жұмыс істеу критерийлеріне тоқталып, бұл жұмыс 3 айға созылатынын ескертіп өтті. Содан кейін атқарылған жұмыстарға тоқталып, бағдарламаның нәтижесі жарияланатын болады.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. Мектептің білім сапасынан төмен нәтиже көрсеткен сыныптар бақылауға алынсын. 10 «б» сыныпта «Химия» сабағы бақылауға алынып, мектеп бұйрығы бойынша мектеп әкімшілігі 3 сабаққа қатысып, талдау жүргізісін. Білім сапасын арттырудағы ең тығыз байланыс: оқушы, ата-ана, мұғалім десек, осы үштік тығыз байланыста жұмыс атқарсын;
2. 9,11-сыныптардың білім деңгейі назарға алына отырып, қорытынды аттестаттауға дайындық жүргізілсін. Қорытынды аттестаттауға байланысты ата-аналар жиналысы өткізілсін;

3. Оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу деңгейі назарға алынсын. Оқушының жеке бейімі ескеріле отырып, дайындық жұмысы жүргізілсін;
4. Кез келген жұмыс жасау барысында оқушының жеке қабілеті ескерілсін. Қандай нәрсеге қызығушылығы бар оқушының басты қабілеті ескеріле отырып, дарындылық қабілетін аша білуге жол табу. Мектеп психологы мен пән мұғалімдері дарындылықты анықтау бойынша бірлескен жұмыстар жүргізісін.
5. 4,9-сыныптарда ББМЖ-ға дайындық әр пән бойынша үздіксіз жыл бойы сабақ барысында жүргізіліп отырсын. Оқу сауаттылығына, математикалық сауаттылыққа сабақ барысында көңіл бөлінсін;

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен емтихан тапсырмалары дайындалып, бірлестік отырысында қаралып, әдістемелік кеңесте талқыланып, педагогикалық кеңесте бекітілсін;

Мұғалімдер педагогтерді аттестаттауды ұйымдастыру жөніндегі ережемен мұқият танысып, критерийлерге сәйкес жұмыстар атқарылсын;

Функционалдық сауаттылықты дамыту мен дәстүрлі сабақ арасындағы қайшылық саралана отырып, оқушылардың ынтасын арттыруда 5 «ә» сыныпта сабақ барысында «Мектепті тиімді басқару және білім сапасы» жобасына сәйкес ойын элементтері қолданылсын. 5 «ә» сыныпта 3 ай ішінде пәнді оқытуда ойын элементтерін қолдану жобасын енгізу арқылы білім сапасын 35%-ға дейін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.



Кеңес төрағасы:

Д.Т.Иманбалинова

Хатшы:

Ерлан А.